



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Бөрібай Ғазиза*burebaeva@inbox.ru*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Б.Ө. Алтынбасов

Мемлекеттілік - өз мемлекетін құрудан немесе қандай да бір жағдайлармен жоғалып кеткен мемлекетін қайта қалпына келтіруден көрініс табатын, әлеуметтік қауымдастықтың (этностың, халықтың тарихи дамуының ерекше белгісі [1].

Сонымен дін мемлекеттілікке қалай әсер етеді? Қазақстан Республикасы Ата Заңында көрсетілгендей зайырлы мемлекет болғандықтан, тәуелсіздіктен кейінгі жылдары мемлекет органдарының діни ұйымдардың жұмыстарына бақылау функциясынан тыс тікелей араласпағаны белгілі [2]. Алайда, жоғарыда айтқанымыздай, дін мемлекетті қалыптастыратын негізгі әлеуметтік институттардың бастыларынан және азаматтық қатынастарда маңызды рөл атқаратындықтан мемлекет ұйымдары мен құрылымдарының ішінде дін саласымен жұмыс істейтін мекемелер уә органдар болуы заңды. Осы орайда ҚР Үкіметі қарамағында діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңес құрылған. Кеңестің облыстар мен Астана уә Алматы қалаларындағы бөлімшелері тікелей діни бірлестіктер және жамағаттармен, сонымен қатар әкімдіктер, Әділет министрлігінің тіркеу қызметі, Ішкі істер министрлігіне қарасты мекемелер, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мәдениет министрлігі сияқты құзырлы мекемелермен етене байланыс жасайды.

Конституциямыз бойынша орталығы шетелдерде орналасқан діни ұйымдардың Қазақстандағы басшыларының тағайындалуы «тиісті мемлекет мекемелерімен үйлестіре отырып» жүзеге асырылуы керек. Жоғарыда көрсетілген көптеген діни ұйымдар мен миссионерлер және экстремистік бағыттағы зиянды ағымдардың шектен тыс қажыр-қайрат жасауы салдарынан бүгінгі күні еліміздегі діни ахуал аса күрделі қалыпта десек болады. Ал, осы күрделі ахуал ертеңгі күні қандай болмақ? Тиісті шаралар бүгін қолданылмаса, бірнеше жылдан кейін діндер арасы қатынастар қандай кейіпте болмақ? Осындай мәселелерді ойлаған сәтте шетелдік ұйымдардың еліміздегі жүз мыңдаған яки миллиондаған азаматтарымыздың рухани тізгінін қолда ұстауы бір жағынан «ішкі істерге қол сұғушылық» болса, ал екінші жағынан әлеуметтік балансты теңселтетін нәтижелерді алып келетін қауіпті күш болуы мүмкін. (құдды АҚШ-тағы сияқты) шетелдік діни ұйымдар біздегі жамағаттары арқылы Қазақстандағы белгілі бір тұлғаны яки саяси партияны немесе топты қолдауы, сол арқылы мемлекет билігіне ие болуы да әбден ықтимал.

1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы заң бойынша азаматтар діни бірлестіктер құра отырып, ұйымдаса алады. Діни бірлестіктерді Әділет министрлігінде тіркеудің өзіндік шарттары бар. Бұл шарттар орындалғанда ғана бірлестіктер тіркеледі және қызмет атқара алады. 30.01.2001 ж. қабылданған ҚР «Әкімшілік заң бұзушылықтар жөніндегі Кодексі» ҚР соттарына белгілі тәртіп бойынша тіркелмеген діни бірлестіктердің жұмысын тоқтатуға немесе айыппұл салуға құқық берген. 2001 жылғы ақпан айынан бастап Республикамыздың кейбір аймақтарында аталмыш заң бұзушылықтар орын алып, ҚР соттары тиісті шараларды қолданған. Мәселен, Қызыл-Орда қалалық соты 14.03.2001 ж. шешімімен

Белгілі тәртіппен тіркеуден өтпеген «Иегова куәгерлері» жамағатының жұмысын тоқтатқан. Сол сияқты, Атырау облысы Құлсары аудандық соты 02.05.2001 ж. «Иман» баптист шіркеуінің жұмысын тіркелгенге дейін тоқтату жөнінде үкім шығарған. Құлсарыда Тараз Сомалык есімді «Пентекосталь» шіркеуінің (фундаменталист бағыттағы протестант сектасы – М.Б.) қызметкерінің ресми тіркеуден өткенге дейін үгіт-насихат жасауына тыйым салынған. Осы орайда айта кететін бір маңызды жәйт – жоғарыда келтірілген Қызыл-Орда

қаласындағы «Иегова куәгерлері» жамағатының басшылары Гүлжахан Жарықова және Бақыт Алтаев есімді Қазақстан азаматтары екені және оларға сот тарапынан 7,750 теңге айыппұл салынғандығы. Құлсарыдағы «Иман» шіркеуінің ұйымдастырушылары да Құрманғазы Әбдімұратов және Асхат Әлімжанов есімді қазақ азаматтары екені назар аудартады. Нағыз қазақи ортада миссионерлік жасап, шетелдің діни сенімдерін елімізде таратып жатқан ұйымдардың қандай дәрежеге жеткені және қандай аймақтарды мекен еткені біраз нәрседен хабар бергендей...

Бұлар сияқты елімізде ислам атын жамылып, әртүрлі негізсіз һәм зиянды үгіт-насихат жүргізіп жатқан діни ағымдар да баршылық. Бұлардың ішінде баспасөз бетінде жиі аталатыны және қоғамдық тыныштыққа нұқсан тигізушісі «Хизб-ұт Тахрир» ұйымы. Құран Кәрімде «халифат құру» туралы ешқандай мәлімет келтірілмегеніне қарамастан, бұл ұйым Орталық Азиядағы елдердің орнына «халифалық» мемлекет орнатқысы келеді. Құран Кәрімде баяндалған шынайы исламның насихатталу деңгейінің төмендігін және сауатты мамандар мен дінтанушылардың аздығын пайдаланған осындай ұйымдар, әсіресе, еліміздің оңтүстік аймақтарында біршама жастарымызды қатарына қосып та кетті. Қырғызстан, Өзбекістан, Тәжікстан және ҚХР елдерінде белсенді әрекет жасап жатқан осындай ұйымдар мұсылман мемлекеттерінің тұрақтылығына зиян тигізумен қатар, ислам дінінің имиджін бұзу және мұсылман жастарды дінде орны жоқ нәрселерге үйрету арқылы екі есе үлкен зиян тигізіп отыр. Орталық Азиядағы бауырлас республикалардың мемлекет институттары нығайған сайын және әлеуметтік-экономикалық өмір сүру деңгейі жоғарылаған сайын осындай зиянды ұйымдардың ықпалы азаймақ. Дегенмен, азаматтарымызға ненің орны исламда бар, ал не нәрсенің орны жоқ екенін дұрыстап үйретпейінше қауіптің алдын алдық деуге сірә болмас. Сонымен қатар әлгіндей ұйымдардың аталуындағы «ислам», «Аллаһ» сөздеріне мән беруден гөрі, олардың іс-әрекеттерінің исламға қаншалықты сәйкес екеніне көңіл бөлген жөн. Кейбір Батыс елдерінің ислам дінін бұрмалау мақсатымен ислам атын жамылған ұйымдарды құрғызғаны және оларды жан-жақты қамсыздандырып тұратыны белгілі. Олар кейде «Хизб-ұт Тахрир» сияқты саяси кескінде болса, кейде ардақты ата-бабаларымыздың есімдерін өз меншігіне айналдырып, халықты нағыз ата-бабаның бұрынғы жолына шақырғансымақ болып жүрген суфи тариқаты формасында да болуы мүмкін. Еліміздегі мемлекет және дін қатынастары турасында айта кететін өкінішті бір мәселе – ешбір діни мейрамның мемлекет дәрежелі мейрам ретінде бекітілмегені. Мұсылмандардың «Құрбан айт» және «Ораза айт» мерекелеріне Қазақстанмен көршілес елдердің барлығында да ресми демалыс берілгеніне қарамастан, бізде әлі сең жібитін емес сияқты. Жуырда сайланған Мәжіліс депутаттары осы мәселені алғашқы кезекте қарап, азаматтарымызды қатты алаңдатып отырған үшбу көкейтесті мәселеге дұрыс шешім тапса игі еді. Өткен шақырылымдағы кейбір Мәжіліс депутаттары, ішінде өзіміздің қазақ азаматтарымыз да бар, діни мерекелерге ресми демалыс беру туралы заң жобасы түскенде «біз атеистпіз» деп шыға келгені әлі есімізде. Мұндағы мәселе депутаттың діни сенімінде емес, оған дауыс берген мыңдаған сайлаушылардың діни сенімінде екені әлгі азаматтарды аса мазаламаған сияқты. Біз алуан этникалық және діни топтардан құралған Малайзия мемлекетінің тәжірибесін дұрыс пайдаланып, ең болмағанда Құрбан айтқа үш күн, ал Ораза айтқа бір күн, сондай-ақ, православие шіркеуінің Рождество мерекесіне бір күн ресми демалыс берсек, бұдан тек елімізге, мемлекетімізге пайда болатыны анық. Ай-күннің аманында «халықаралық ұйымдар сынайды» деп, байбалам салатындар осы мәселеге келгенде неге жақ ашпайды, деп сұрағым келеді. [3].

Қазақстандағы ислам мәселелері

Қазақстан мұсылмандарының діни істерін ұйымдастырып, діни бірлестіктер, мешіттер және шетелдердегі мұсылман ұйымдарымен халықаралық қатынастарды реттейтін дербес мекеме «Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы» діни бірлестігі деген атпен 1990 жылы құрылды. Оған дейін «қазият» деңгейіндегі діни мекеме ретінде қызмет атқарған бұл ұйым бүгінгі күні еліміз мұсылмандарының ең басты ислами ұйымы. 2000 жылғы маусым айындағы құрылтайда ҚМДБ төрағалығына білікті ғалым, арабист және дипломат,

профессор Әбсаттар Дербісәлі (1947-) сайланды. Өткен 3-4 жыл көлемінде тоқырап қалған кейбір мәселелер оң шешімін тапты. Мысалы, Алматыдағы орталық мешіттің ашылуы, әл-Фараби даңғылы бойындағы университеттің ашылуы, діни басылымдардың сан және сапа жағынан бір шама жоғары сатыға көтерілуі, облыс орталықтары мен Астана қаласында жаңа мешіттердің салынуы т.т.

Алдымыздағы уақытта мынадай мәселелер оң шешімін тапса еліміздегі мұсылманшылықтың жүйеленуі уә тұтастануы жағынан үлкен жетістіктерге жетер едік: Біріншіден: Ең маңызды проблема еліміздегі мұсылмандардың белгілі бір жүйе бойынша ұйымдаспағанында және ислами үгіт-насихаттың дініміздің негізгі бұлағына, яғни Құран Кәрімге толыққанды сәйкестік қағидасы бойынша жүзеге асырылмауында. Әсіресе, өзге мұсылман мемлекеттерінде орталықтары орналасқан суфизм бағытындағы эзотерикалық тариқаттар уә діни ұйымдардың, қайырымдылық қорларының белсенді қамданыста екенін айтуымыз шарт. Бұлардың үгіттері исламның бірегей қасиетті кітабы Құран Кәрімнің үкімдерімен көп жағдайларда қабыспайды және дінге кейіннен қосылған әр түрлі негізсіз ырымдар мен нахақ нанымдарды (бидғаттар мен хұрафаларды) қамтиды. Бір ұйымның ақ дегенін екінші бір ұйым қаралап жатқан жағдайлар жиі кезігеді. Сонымен қатар, діни топтар мен жамағаттардың арасындағы келіспеушіліктер қоғамдық тәртіп пен халқымыздың береке-бірлігіне нұқсан тигізуі әбден мүмкін. Дінге енді бет бұрайын деп жатқан кейбір азаматтарымыз да осындай күрделі жағдайды көріп, діннен жеріп кететіні, тіпті, басқа діндерді қабылдайтыны да шынды.

Екіншіден: Ислам ғылымдарын оқыту және ғылыми зерттеулерді белгілі бір жүйеге салу мәселесі де жөнді шешімін тапқан жоқ. Бұл сала мамандары мен исламтанушылардың, діни кадрлардың жетіспеуінің басты себебі. Шындығында оқу жүйесі мен кадрлар біріне бірі тәуелді екі мәселе. 2000 жылғы қыркүйек айында ҚР Сыртқы істер министрлігі мұсылман елдеріндегі діни оқу орындарында оқып жатқан студенттердің елімізге қайта шақырылатыны туралы хабарлады. Түркия, Иран, Пәкістан қатарлы елдердегі талабаларымыз елге оралып, мұндағы университеттерге, атап айтқанда жаңадан бой көтеріп келе жатқан «дінтану» бөлімдеріне түсті. Оқу базасы және оқытушы кадрлар мәселесі толық шешілмеген осы бөлімдерді бітірген студенттер нағыз дінтанушы яки исламтанушы болды деп айту қиын. Қазір де шетелдерде студенттеріміз оқып жатыр. ҚМДБ тарапынан Мысыр және Түркияға жіберілген бір сыпыра жастарымыз білім алуда. Алғашқы түлектер елге оралып, мешіттер мен жоғары оқу орындарында қызметке кірісіп те кетті. Ендігі мәселе, шын мәнінде дін ғылымдарын жете меңгерген, көкірегі һәм көзі ашық, осы заманғы ғылыми жетістіктерден хабардар һәм заманауи талаптарға сәйкес кадрларды дайындау.

Үшіншіден: Жоғарыда келтірілген бірінші және екінші проблеманың оң шешімін табуы мұсылмандардың Құран Кәрімді дұрыс түсінуіне тікелей байланысты. Құранды дұрыс түсінбейінше исламды түсіну мүмкін емес десек артық айтқандық болмас. Құранды лайығыншы түсіну екі жолмен ғана болады: 1-арабшаны меңгеру 2-Құранның мағынасын дұрыс жеткізетін сапалы тәржімесін жасау. Азаматтардың барлығын арабшаға үйрету мүмкін емес, сондықтан, қолымыздан келетіні қасиетті кітабымыздың бүгінгі ғылымдар негізінде, адамзаттың өркениет деңгейін есепке ала отырып және шынайы ғылыми жетістіктер бойынша ислам тарихына қайтадан талдау жасай отырып аудармасын жасау. Өкінішке қарай, бүгінге дейінгі жасалған тәржімелер дәстүрлі тәфсірлер мен аудармалардың әсерінен аса алған жоқ және Құранымызды бүгінгі ұрпақтарға түсіндіру ісінде жетіспеушіліктері мол. Меніңше, ҚМДБ-ның алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірі осы мәселені шешу болуы керек. Құранның жаңа аудармасы йаһүди және христиандардың, сондай-ақ суфилердің аңыздары (исраилият) мен хиял-ғажайып уақиғалардан, бос сенімдер мен ғылымға қайшы келетін тұжырымдардан ада болуы керек. Мүмкін осы аударма жұмысын жасау үшін арнайы комиссия құрыла

Төртіншіден: біз бір ащы шындықты мойындауымыз қажет. Ол тәуелсіздікті алған жылдары елімізде дін мәселесін жете меңгерген мамандардың болмағандығы және мемлекет билігінің жоғары сатысында жүрген азаматтарымыздың осы мәселенің маңыздылығын жете

бағаламағандығы. Хош, бүгінгі халіміз қалай деп сұрағым келеді. АҚШ, Израил және Еуропа елдеріндегі депутаттар мен жоғары лауазымды тұлғалар өз діндерін терең зерттеген адамдар және олардың басым көпшілігі миссионер ұйымдарының яки діни басылымдардың қақморшысы, құрылтайшысы немесе мүшесі. Біздегі бір жағынан алғанда табиғи (өйткені ұзақ жылдар бойы атеист түзім тәрбиелеген ұрпақтар) кемшілік салдарынан дінімізді лайықты деңгейде және формада насихаттау жұмыстары іске асырылмады, құқық тұрғысынан алғанда заңдардың өз ішінде және заң мен өмір арасында келіспеушіліктер пайда болды. Сондықтан, тағы бір маңызды проблема діни қатынастарды реттейтін заңдарды қайтадан қарап, қажетті орындарын өзгертіп яки толықтырып, мемлекет пен ұлт мүддесін ескере отырып қайыра қабылдауымыз керек.

Бесіншіден: Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының құқықтық және әкімшілік мәртебесін нығайтуымыз керек. Ұлтты құрайтын ең басты құндылықтың бірі дін екенін жоғарыда атап кеттік. Дін институтының мемлекеттің қалыптасуындағы және өмірдің өзге де салаларындағы маңыздылығын баяндадық. Демек, осындай маңызды салаға мемлекет бейғам қарай алмайды. Біз Конституциямызда көрсетілген зайырлылық қағидасын қатаң сақтай отырып, халықаралық тәжірибелерді зерттеу арқылы мүмкін Қазақстанға тән жаңа бір әдіс табуымыз керек. Бүгінгі заңдар шеңберінде ҚМДБ және оның қарамағындағы діни бірлестіктердің құқықтық мәртебелері бірдей. ҚМДБ-ның діни әдебиеттерді құрастыруы, бекітуі және бастыруы, діни оқу орындарын ұйымдастыруы, ел көлемінде біркелкі діни үгіт-насихат жасалуын қамсыздандыруы, халықаралық қатынастарға шығуы және Республикадағы атқарушы, заң шығарушы және сот билігімен қатынастары жаңа заңнамалар уә құрылымдық өзгерістер бойынша дұрыс жолға салынуы керек. Осы мәселені шешкен кезде ҚМДБ-ын қаржыландыру және басқару тетіктерін де жетілдіруіміз шарт.

Алтыншыдан: Маңызды проблеманың бірі еліміздегі миссионерлік әрекеттерді қатаң бақылау және әсіресе мұсылмандардың басқа діндерге кетуінің алдын алу мәселесі. 2001 жылы талқыға түскен жаңа заңның Үкімет тарапынан қайтарылып алынғандығы естеріңізде болса керек. Содан бері жаңа заң қабылданған жоқ. Кейбір деректерде 100 мың, ал енді кейбір газет хабарламаларында 500 мыңға жуық қазақтар басқа діндерді қабылдаған делінеді. Бүгінге дейін дінге бөлінбеген халқымыздың енді азаттыққа қол деткен шақта алуан түрлі діндерге бөлінуі болашақта аса маңызды проблемаларға апарып соқтыруы, тіпті мемлекетіміздің іргесін шайқалтуы әбден мүмкін. Елімізде христиандықты таратушы ұйымдар мен өзге де миссионерлердің жарғылық құжаттарында бірінші кезекте қазақ халқын шоқындыру мәселесінің алға тартылуы кездейсоқ емес. Егер мүмкін болса, еліміздегі өтпелі кезең белгілі бір дәрежеге көтеріліп, саяси-экономикалық ахуал тұрақтанып, азаматтарымыз алдымен өздерінің дәстүрлі діндерін жете зерттеп, түсініп алғанға дейін миссионерлік әрекеттерге тоқтау салуымыз қажет [4].

Қазақстанда мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастың анық концепциясы жоқ. Дінге қатысты мемлекеттік саясат қалай болса, солай, саяси мақсаттарда құрылып, шешім қабылдайтын ресми тұлғалардың біржақты көзқарасы мен талғамының ықпалында жүр. Ол құбылмалы, қайшылықтары көп және діни жағдайдың объективті шарттарына да, ар-ождан саласындағы халықаралық стандарттарына да, ел Конституциясына да сәйкес келмейді.

Бір жағынан, барлық деңгейде ресми түрде мемлекеттің діннен бөлінгендігі, барлық діндердің еркіндігі мен теңдігі жарияланып, дүниежүзілік қауымдастығы алдында Қазақстан конфессияаралық бітімшілік аралы болып көрінеді.

Басқа жағынан, мемлекет екі ең ірі және ықпалды діндерді — сунниттік ислам (ҚМРБ) мен христиан православиесін (ОПШ) ашық қолдайды. «Ерекше» топқа иудаизм, лютеранство мен индуизм де жатқызылған.

Ар-ождан мен дін еркіндігіне қатысты мемлекет саясатына келесі факторлар әсер етеді:

— биліктегі элитаның жалпы дінге қарай коммунистік атеистік көзқарастың қалдықтары; осы себепті олар діндарлық пен діни бірлестіктерге, әсіресе, белгісіз, жаңа, «дәстүрлі еместерге» күдікпен қарайды, сунниттік ислам мен христиан православиесін

ерекше қолдайтындары, діндерді «жағымды» немесе әдеттегідей билік етуге болатын және «жағымсыз» немесе «жаман», «қауіп төндіретіндерге» бөлуі осыдан;

— биліктегі элитаның жалпы азаматтық құқықтар мен бостандықтар және бөлек ар-ождан еркіндігі сияқты демократиялық құндылықтардың мәнін түсінбеу және қабылдамау; осыдан дінді мемлекет тарапынан бақылау мен реттеуге тырысу, діни бірлестіктердің істеріне араласу, сенушілер құқықтарын шектеу;

— арнайы қызметтердің, әсіресе, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің (ҰҚК) жалпы мемлекеттегі ішкі саясаты мен жеке алғанда, дінге қатысты саясаттың құрылуына тым үлкен ықпалы; осыдан мемлекеттің ұлттық қауіпсіздікке қауіп ретінде дінге қарауы, «зиянды секталардың» «қара тізімдерін» құру, ар-ождан мен дін еркіндігіне қарсы заң құжаттарын дайындап, шығару, «дәстүрлі емес» діндерді құқық аясынан «ығыстыру» тәжірибесі;

— дінге сену еркіндігін сақтауға қатаң қарайтын дүниежүзілік қауымдастық пен кейбір ірі державалар алдында «жақсы атағын», осыдан «жақсы тізімге» иудаизм, лютерандық пен индуизм сияқты әлем діндерін енгізу, сонымен бірге, көрнекті және кең жарияланған «әлем діндерінің форумдарын» өткізу, «әлем діндері орталығы» мен «конфессия аралық бітімшілік елі» рөлін атқаруға тырысу.

ҚР заң құжаттарында дін істері жөніндегі өкілетті орган көзделген. 2001 ж. дейін Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі (МАҚКМ) жанында бұрынғы (Кеңес кезіндегі) Дін істері жөніндегі Кеңес міндетін атқаратын «діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі» арнайы департамент қызмет атқарған. 2001 ж. наурызда оның міндеті мен құрылымдық бөлімшелерін атқару билік органдарына берді. 2000 ж. мамырдан бастап, ҚР үкіметі жанында діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңес қызметін атқаруда. Кеңес қоғам бастамасымен жұмыс істейді, ал, оның тұрақты хатшылығы үкімет кеңсесінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Осындай кеңестер облыс әкімдері мен Астана, Алматы қалалары әкімдерінің жандарында ашылған. Бұл мемлекеттік сымақ органның конституциялық және заңдық мәртебесі жоқ болғанымен, іс жүзінде кең өкілдікке ие. Ол «барлық мүдделі ведомстволарға» ұзаққа баратын кеңес жібереді. Олар азаматтар үшін заңдық қиындықтар туғызып, конституциялық құқықтарын бұзатын және «ұлттық, әлеуметтік қауіпсіздігіне қауіп төндіретін» «діни экстремистік» бірлестіктер мен «әсірешіл секталар» тізімі; барлық деңгейдегі әкімдерге діни бірлестіктердің «тіркелуін қадағалау» және олардың қызметін «реттеу» керектігі; барлық мұсылман мешіттерін ҚМРБ бағындыру талабы; «миссионерлер қызметін бақылауын күшейту» т.б. Кеңес хатшылығы ар-ождан мен дін еркіндігін шектейтін заң жобаларын белсенді ұсынуда.

Дін саласындағы мемлекет саясатын жүзеге асыру түрлері:

— мемлекеттік органдар мен діни ұйымдар қызметін құқықтық және ақпаратпен қамтамасыз ету;

— мемлекеттік органдардың діни бірлестіктермен ынтымақтастығын жетілдіру;

— жалпы мемлекет көлемінде және елдің жекелеген аймақтарында ар-ождан мен дін еркіндігіне ие болу құқығын жүзеге асыру, конфессия аралық қарым-қатынастар, діни жағдайдың даму бағыттарын анықтау, діни бірлестіктердің қоғам өміріндегі рөлі мен азаматтардың дінге және діни бірлестіктерге көзқарасын тұрақты түрде зерттеу мақсатында діни бірлестіктерді мониторингтен өткізу жүйесін құру;

— мемлекеттік қызметкерлерді дін тану маманы бойынша және құқық жағынан дайындау жүйесін құру;

— мемлекет пен конфессиялар арасындағы мәселелерді зерттеуге және дін мен діни бірлестіктер қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау үшін ғалымдарды (социологтар, саясаттанушылар, дінтанушылар, философтар, психологтар, заңгерлерді) тарту.

Дін саласындағы мемлекет саясатын жүзеге асыру әдістері

Мемлекет дін саласындағы өз саясатында билік, әкімшілік құқықтық әдістерді қолданудан бас тарту тиіс. Кейбір жағдайда осындай әдістерді қолдану керек болатынын мойындап, мемлекеттік органдар басқа да әдістерді қолдану тиіс, оның ішінде тараптар

теңдігіне негізделген, яғни, мүдделерін келістіру, іс-әрекеттерін түйістіру, келісімдер мен шарттар жасасу. Мемлекеттік органдар діни бірлестіктерге бағыну нысаны ғана емес, тең құқылы серіктес ретінде қарауы тиіс. Мемлекеттік органдар өз басқару қызметінде бақылау және қадағалау міндеттері ең төменгі дәрежеде қолдануы тиіс. Ал, діни бірлестіктер қызметін бақылау кез келген басқа ұйымдар сияқты бақыланып, қадағалануы тиіс. Билік-бағыну түріндегі қарым-қатынастар орнына әлеуметтік серіктестік пен өзара жауапкершілік келуі тиіс. [5].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007
2. АҚШ мемлекет басқармасының «Демократия, адам құқықтары және еңбек бюросы» жариялаған «Қазақстан – халықаралық діни бостандық есебі» (2002 ж.)
3. Мұртаза БҰЛҰТАЙ, Қазақстандағы дін және мемлекет қатынастары, «Дала мен Қала» газеті, №5, 04.02.2005
4. Есбол Өміржанов, abai.kz порталы, 2009 жыл, 15 сәуір
5. Асхат БЕКЕНОВ, Мәжіліс депутаты. <http://www.egemen.kz/19135.html> сайты

ОӘЖ 340

МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІКТІ КӘСІБИ КАДРЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әшім Мөлдір

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Б.Ө. Алтынбасов

Егемен ел атанған Қазақстан Республкасы құқықтық мемлекет құру үшін мемлекеттік органдарда кәсібилік, демократиялық қағидаларын ұстану керек. Кәсібилік қағидасына сәйкес мемлекеттік қызметкер кәсіби даярланған маман болуы тиіс. Мемлекеттік қызметкерлердің кәсібилігі және этика мәселесі мемлекет құрылған сәттен бастап әрдайым күн тәртібінде тұратын мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының Президентінің жолдауында көрсетілгендей жаңа кадр саясатын жүргізу, жаңа басқару тобын құру, мемлекеттік органдарды еліміздің бүгінгі мен болашағына қызмет жасайтын кадрлармен қамтамасыз етуді талап етеді.

1) Біліктілікті арттыру мен қайта даярлау жүйесін елеулі түрде өзгерту көзделіп отыр. Мемлекеттік аппараттың кәсіби біліктілігін арттырып, басқару тиімділігін нығайтуға, оның қоғамда ашықтығы мен есеп беруін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылып отыр. Өйткені, еліміздің болашақта жан-жақты дамуы кәсіби кадрларға тікелей байланысты – Президент 2011 жылдың шілдесінде мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің тұжырым-дамасын бекітті. Құжатта негізгі басымдықтардың бірі ретінде «А» басқарушы корпусын құру қажеттігі көрсетілген. -Мемлекеттік қызметті жетілдіру жүйелі реформаны талап етеді. «Қазақстан – 2030» Стратегиясында мемлекеттік қызмет аппаратын білікті кадрлармен жасақтау мәселесі де көрсетілген. Елбасы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында да мемлекеттік қызметке кадрлар іріктеуде тиісті қағидаттарды сақтау қажеттігіне назар аударды. Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік қызмет жүйесін әрі қарай жетілдіруге бағытталған Заң жобасы әзірленіп, Парламент қарауына ұсынылды. Заң жобасында кадрларды іріктеу мен ротациялау кезінде меритократия қағидаттарын қамтамасыз ету, «А» басқарушы корпусын құру, персоналды басқару институты мен тетіктерін жетілдіру, кадр қызметінің рөлін арттыру, тәртіптік және этикалық бақылауды күшейту қарастырылған.